

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

4) Қазақстанның мұнай бойынша және жоғары октанды бензин, авиациялық керосин бойынша импортқа тәуелділігі, бұл аталған нарықтағы жағдайды толық көлемде реттеуге мүмкіндік бермейді;

5) бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттердің болуы.

ЖЖМ-ді өткізумен айналысатын бірқатар нарық субъектілеріне қатысты материалдар бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер белгілері бойынша Қаржы полициясына берілді. Жүргізілген талдаулар мұнай өнімдерін тұтыну кезінде мұнай өнімдерін өндіру мен сұраныс құрылымы арасында белгілі бір теңгерімсіздіктің бар екендігін көрсетті, бұл өндіріс тапшылығының өсуімен сипатталады. Жоғары октанды бензин және авиациялық керосин тапшылығымен байланысты жүйелі проблемалар шешімін таппай отыр [3].

Соңғы жылдары жоғары октанды бензинді тұтынудың өскені байқалады: ішкі нарықтың жалпы өндіретін көлемінің 40 %-ға жуығын жоғары октанды бензинді импорт құрайды, бұл қазақстандық кәсіпкерлерді мұнай өнімдерінің тапшы көлемін импорттауға мәжбүрлейді. Бұдан басқа, еліміздің үш негізгі МӨЗ-і импортталатын мұнайды өңдейді.

Павлодар мұнай-химия зауыты географиялық ерекшелігі бойынша батыс-сібір мұнайын (РФ) өңдеу үшін құрылды және тек ресей мұнайымен жұмыс істейді. Сонымен қатар, Қазақстанда мұнай өндірудің үлкен көлеміне қарамастан (жыл сайын 65 млн. тоннаға жуық) ресейден шығарылған мұнайдың мұнай өңдеудің жалпы көлемінің 30 %-ға жуығын Шымкент МӨЗ-і («ПетроҚазақстан ойл Продактс» ЖШС), 9 %-ға жуығын Атырау МӨЗ-і өңдейді, бұл отандық мұнаймен салыстырғанда едәуір жоғары баға бойынша импортталады және елдегі мұнай өнімдерінің соңғы құнының көтерілуіне әкеледі.

Мұнай өнімдерін өндіру және тұтыну көлемдерін дұрыс теңгерілмеуден зауыт қоймаларында мұнай өнімдерінің белгілі бір төмен октанды түрлерінің артық қорын сақтаумен байланысты тағы бір проблема бар, бұл МӨЗ-дің толық қуатта жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді. Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлеріне бағаны тұрақтандыру (төмендету) мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына мұнай өнімдері нарығындағы делдалдарды жою бөлігінде «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы ұсыныс жіберілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі - ҮИИДМБ) бекітілген бәсекелестікті дамыту жөнінде қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында отандық МӨЗ-ді жаңғырту және қайта құру көзделген.

Әдебиеттер:

1. Лифшиц И.М. Конкуренция и конкурентоспособность». - Минск: ООО "Новое знание", 2001 – 111с.
2. Раздорский О.С. Оценка и повышение конкурентоспособности товаров Самара 2002 – 88с.
3. ОАО «Лукойл» Отчет о деятельности 2014 г.

НАРЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЖӘНЕ ФИРМАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Құраш Н.П., Тлесова Э.Б.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,
Қазақстан Республикасы

E-mail: naz-9393@list.ru, T.ilvira@mail.ru

Қазіргі уақытта елімізде бәсекеқабілетті өнімдерді өндіруге негізделген жаңа ақпараттық технологияларды игеру, республикамыздың индустрия және ғылыми техникадағы әлеуетін дамыту басты стратегиялық міндеттердің бірі болып отыр. Әлемде инновациялық қызмет экономикалық өсу мен бәсекеқабілеттілікті қамтамасыз ететін

маңызды факторлардың бірі болып саналады. Дамыған елдерде инновациялық қызметтерді ұлғайту мақсатында ұлттық ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолайлы жағдайлар жасалған, сондай-ақ технологияларды дамытуда, ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруда мемлекеттік және жеке ғылыми-зерттеу ұйымдары мен компаниялар ынтымақтастық құрып, өсуіне үлкен мән берілген.

Жаналық, ғылым, технология мен техниканы өндіріспен байланыстыру үшін елімізде индустриалды-инновациялық даму бағыты көзделген. Қазақстан үлкен мүмкіндіктері бар ел ғана емес, ол сол мүмкіндіктерді нақты іске асырушы мемлекетке айналуға. Мемлекеттің бәсекеқабілеттілігін көрсететін басты көрсеткіш – оның экономикасы болып табылады.

Индустриалды-инновациялық экономика құрып, шикізаттық емес секторды дамытып, инновациялық үдерістерге бет бұру экономиканың бәсекеқабілетті болуының басты бағыты.

Яғни, ғылыми экономика құру дегеніміз бұл ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру. Осы бағыт бойынша венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы жетілдіру қажет. Ғылымды қаржыландыру көлемін біртіндеп арттырып, оны дамыған елдердің көрсеткіштеріне жеткізу жөнінде нақты жоспар қажет [1].

Елімізде Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық дамуының тұжырымдамасы жасалған. Қазақстанның әлемдік дамыған отыз елдің қатарына енуі инновациялық идеяларға сүйене отырып жоспарланған. Индустриялық саясаттың инновациялық сегменті басым секторлардағы өндіріс тиімділігін арттыру және елдегі инновациялық белсенділікті арттыру жөніндегі шаралар кешенінен тұрады және еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру, технологиялар трансферті, технологиялық және басқару құзыреттерін арттыру, неғұрлым перспективалық инновациялық идеялар мен жобаларды іздену және қолдау, енгізу және ілгерілету арқылы іске асырылады [2].

Сондай-ақ, ел экономикасын бағалау көрсеткіштерінің біріне фирмалардың инновациялық белсенділік деңгейі жатады. Нарық құрылымы – бұл нарықтың негізгі және ерекше белгілері: фирмалардың саны, өлшемі, әртүрлі фирмалар шығаратын тауарлардың ұқсастығы, айырмашылықтары, нарыққа жаңа сатушыларға кіру немесе жеңілдігі, нарықтық ақпаратты жинау мүмкіндігі. Аталмыш нарықтық құрылымдардың сипаттамалары негізінде жұмыс істейтін фирмалар зерттеу мен зерттемелерді (R&D) қаржыландыруға қатысты стратегиялық шешімдер қабылдайды, түпкі инновациялық нәтижелері үшін тәуекелге барады, экономикадағы дағдарыс кезеңінде бизнес ұйымдастырудың жаңа формаларын, өнімдерін, технологияларын жасайды.

Жалпы осы нарық құрылымы мен фирманың инновациялық белсенділігінің байланысына тоқталатын болсақ, бір жағынан, кейбір экзогенді берілген нарықтың құрылымы (олигополиялық, монополиялық, бәсеке) фирмалардың эндогенді инновациялық мінез-құлық түрін (ғылыми-зерттеу, инновациялық-өндірістік, инновациялық-ұйымдастырушылық) анықтайды, яғни ол өз кезегінде, инновациялық қызметінің нәтижелерін анықтайды. Екінші жағынан, жаңа өнімдерді, технологияларды, бизнесті ұйымдастыру формаларын дамытуға инвестициялар түрінде жүзеге асырылатын, инновациялық өнімдерді сату көлемі және т.б. түріндегі инновациялық қызмет белгілі бір нарық құрылымының типіне әсер етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде Қазақстанның ғылым және инновациялық дамуының қазіргі жағдайына талдау жасайтын болсақ, мұнда инновациялық қызметтің негізгі көрсеткіштері, соның ішінде зерттеуге жұмсалған ішкі шығындар жылдан жылға өскені көрінеді (1 кесте) [3].

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2010-2014жж. зерттеулер мен зерттемелерге жұмсалған шығындар 98,2%-ға ұлғайған және 2014 жылы ол 66,4 млрд.теңгені құраған. Сонымен бірге, ЖІӨ-ге қатысты ішкі шығындар 2010 жылы 0,15% құраса, 2014жылы 0,17% құрады, яғни осы кезеңде 13,3 %-ға өскен.

Зерттеу және зерттемелермен айналысатын ұйымдар санын айтатын болсақ, мұнда 32 ұйымға азайған теріс динамиканы байқаймыз. Егер 2010 жылы зерттеумен 424 ұйым айналысса, 2014 жылы тек 392 ұйым ғана айналысқан. Сонымен бірге, 2014 жылы 2010 жылмен салыстырғанда, зерттеулер және зерттемелермен айналысатын қызметкер саны 51,5%-ға ұлғайғандығын байқаймыз. Еліміздегі фирмалардың инновациялық белсенділігі оның бәсекеқабілеттілігінің стратегиялық маңызды факторларының бірі болып табылады.

Кесте 1

Инновациялық қызметтің негізгі көрсеткіштері

| Көрсеткіштер | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | Өсу қарқыны, 2014ж./ 2010 ж., % |
|---|----------|----------|----------|----------|----------|---------------------------------|
| Зерттеуге жұмсалған ішкі шығындар, млн.тг | 33466,8 | 43351,6 | 51253,1 | 61 672,7 | 66 347,6 | 98,3 |
| ЖІӨ-ге %-бен | 0,15 | 0,16 | 0,17 | 0,17 | 0,17 | 13,3 |
| Зерттеулер және зерттемелермен айналысатын ұйым саны | 424 | 412 | 345 | 341 | 392 | -7,55 |
| Зерттеулер және зерттемелермен айналысатын персонал саны (жыл соңына), адам | 17021 | 18003 | 20404 | 23712 | 25793 | 51,5 |

Ескерту: авторлармен [3] ақпарат көздері бойынша құрастырылған.

Фирмалардың инновацияны белсенді қолдануы олардың тиімділігі мен бәсекеқабілеттілігінің жоғарылауын қамтамасыз етеді, жаңа нарықтарды игеруге, жаңа жұмыс орындарын ашуға көмектеседі, ал ол өз кезегінде өңірдің экономикалық дамуын, өмір сапасының жоғарылауын, салық базасының өсімін анықтайды. Фирманың инновациялық белсенділігін бағалауда маңызды база ретінде инновациялық әлеуеттің элементтері болуы мүмкін. Ол элементтерге инновациялық-бағытталған бөлімшелердің болуы, мамандар құрамы, қаржылық ресурстар, материалды-техникалық қамтамасыз ету, интеллектуальды меншік, ұйымдастырушылық-басқарушылық көрсеткіштерді жатқызуға болады. Енді ҚР инновация саласындағы белсенділік деңгейі көрсеткіштерін талдайтын болсақ, мұнда 2004-2014 жыл аралағындағы көрсеткіштер берілген (сурет 1).



Сурет 1 – ҚР инновациялық саласындағы белсенділік деңгейі
Ескерту авторлармен [3] ақпарат көздері бойынша құрастырылған.

Суретте көріп отырғанымыздай, 2004 жылдан бастап 2007 жылға дейін бірқалыпты өсу байқалады. Алайда 2008-2009 жж. Қазақстан Республикасында инновациялық белсенділік деңгейіне дағдарыс тиісінше әсер етіп, 4,0%-ды құрады. Сонымен, 2009 жылы инновациялық белсенділік деңгейі 4%-ды құраса, 2013 жылы ол 8%-ды, ал 2014 жылы 8,1% құраған. Яғни соңғы 5 жылда екі есеге артқан.

Қазақстан фирмаларындағы инновациялық белсенділікті арттырудағы олардың артықшылықтарына келесілерді жатқызуға болады:

- республикада мол табиғи ресурстардың болуы;
- университеттер, академиялық институттар мен басқа да ғылыми мекемелердің дамыған желісі;
- инновация саласындағы белсенді мемлекеттік қолдау саясаты;
- шикізат ресурстарына қолы жетімсіз бизнес-элитаның күшеюі.

Ал кемшіліктеріне келер болсақ, оған келесілер жатады:

➤ әлсіз инновациялық тәуекел-менеджменттегі, маркетингтегі жоғары тәуекел деңгейі;

➤ инновациялық қызметпен айналысатын мамандардың төмен үлес салмағы;

➤ шағын венчурлық бизнестің дамымағандығы;

➤ отандық өндірушілердің төмен инновациялық қабылдағыштығы;

➤ отандық ғылыми жасаулардың төмен бәсекеге қабілеттілігі мен шетелдік ескі технологиялар мен жабдықтарды сатып алуы;

➤ шектеулі қаржылық және материалдық мүмкіндіктер.

Инновациялық белсенділікті арттырудағы мүмкіндіктер:

- өңдеуші сала фирмаларының жоғары ғылыми сыйымдылықпен дамуы;
- университеттер айналасында «инновациялық белдеулерді» қалыптастыру;
- жергілікті кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін ынталандыру;
- жоғары технологиялық салаларға қаржылық және менеджерлік ресурстардың ағымы мен қызығушылығының жоғарылауы.

Инновациялық белсенділікті арттыруға кедергі келтіретін қауіптер:

- ❖ фирманың сапалы инновациялық дамуының «тоқтауы»;
- ❖ инновациялық үдерісті тиімсіз ұйымдастыру;
- ❖ жаңа идеялардың, технологиялардың шетелге «кетуі» және қазақстандық ғалымдардың шетел мемлекеттері үшін интеллектуалды донорларға айналуы;
- ❖ жаһандану жағдайында ел экономикасы салаларының бәсекеге қабілеттілік мәселелерінің тереңдеуі.

Бүкіл әлемде инновациялық даму фирмалардың бәсекеге қабілеттілікті тұрақты түрде ұстап тұру мен жоғарылату қажеттілігімен байланысты.

Сонымен бірге инновацияларды қолдану фирмаларға нарықта тиімді бәсекеге түсуге, жаңа тұтынушыларды тартуға, қаржылық нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді. Фирманың бәсеке қабілеттілік деңгейі едәуір көлемде фирманың технологиялық деңгейіне тәуелді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Астана. –11 қараша 2014 жыл.
2. Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациялық дамыту-дың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. –31 желтоқсан 2013 жыл. – № 1497.
3. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты // www.stat.gov.kz.